

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
(тізім бойынша)

2020 жылғы 3 маусымдағы
№ ДС-108

Құрметті депутаттар!

Сіздердің саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрамында Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігінің, Жоғарғы Сот пен құқық қорғау органдарының басшылығы, Парламент депутаттары, тарихшылар және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіретін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияны (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) құру жұмыстары жүргізілуде.

Ол саяси қуғын-сүргін тақырыбында ұлттық заңнаманы жетілдірумен, мемлекеттік саясатты қалыптастырумен, ғылыми ізденістерді үйлестірумен және ақталған тұлғалардың құқықтарын қалпына келтірумен айналысады.

Аталған консультативті-кеңесші органның құрамы мен қағидаларын алдағы уақытта Президенттің Жарлығымен бекіту жоспарланып отыр. Оның отырыстарын Білім және ғылым министрлігі әзірлейді.

«Ақ жол» партиясының өкілдерін Мемлекеттік комиссияның құрамына қосу мәселесін Президент Әкімшілігімен пысықтауды ұсынамыз. Өз тарапынан Үкімет бұл бастамаға қолдау білдіреді.

1920 – 30-шы жылдары қазақ даласында орын алған Ашаршылық тақырыбы әлі күнге толық зерттелмегенін және ғалымдар арасында одан құрбан болған адамдардың санына қатысты ортақ пікір қалыптаспағанын жеткіземіз.

Осыған орай мәселені егжей-тегжейлі зерделемей бұл кезеңді «геноцид» деп тану асығыс қадам болады деп санаймыз. Ол үшін тарихи деректерді кешенді зерттеу талап етіліп отыр.

Мемлекеттік комиссия осы бағыттағы жұмысты ұйымдастыру мақсатында құрылады. Осы орайда бұл мәселе бойынша Қазақстанның ресми ұстанымы Мемлекеттік комиссия жұмысының қорытындыларына негізделуі қажет деп есептейміз.

Мемлекеттік комиссия саяси қуғын-сүргін тарихының ақтандақтарын ашып, ұлт зердесін қалпына келтіруге өз үлесін қосады.

Е. Тоғжанов

*Орынд. Ә.Е. Тұрғанбаев
Тел.745674*